

12009

17294к



СЫРДАРИЯ КИТАПХАНАСЫ

ӘБДІКӘРІМ
АХМЕТОВ



ШЫҒАРМАЛАРЫ







"МӘДЕНИ МҰРА"
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

*Біз өзіміздің арғы-бергі
ата-бабаларымыздың жүздеген
буынының қалдырған өсиетін ақтап,
мұраларын сақтап, молайта беру
жолында топтасуға тиіспіз.*

Н.Ә. Назарбаев

Редакция алқасы

Бердібаев Р., төраға

Алматов А.

Досжан Д.

Кәрібозұлы Б., жауапты редактор

Қасқабасов С.

Қоңыратбаев Т.

Момынбаев Б.

Оразбай И.


Оспан С.

Шірназар С.

Рахымбекұлы Ә.

Сейсекеева К.

18009/17294к



СЫРДАРИЯ КІТАПХАНАСЫ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ
ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

ӘБДІКӘРІМ
АХМЕТОВ



ШЫҒАРМАЛАРЫ

БІРІНШІ ТОМ

ӨЛЕҢДЕР, АҢЫЗДАР,
ТОЛҒАУЛАР МЕН АУДАРМАЛАР

“ФОЛИАНТ” БАСПАСЫ
АСТАНА-2009

УДК 821.512.122-1=03

ББК 84 Қаз 7-4

А 94

Кітап Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің жанындағы «Халықаралық Қорқыт Ата мұраларын ғылыми-зерттеу орталығы» қоғамдық бірлестігінде дайындалып, баспаға университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен ұсынылды

Пікір жазғандар:

Б. Кәрібозұлы – филология ғылымдарының докторы;

Ж. Исаева – филология ғылымдарының кандидаты

А 94 Ахметов Әбдікәрім.

Шығармалары. Екі томдық. – Астана: Фолиант, 2009.

Т.1: Өлеңдер, аңыздар, толғаулар мен аудармалар. – 464 б.


ISBN 9965-35-687-4

«Сырдария кітапханасының» құрамында беріліп отырған ақын Әбдікәрім Ахметовтің екі томдық шығармалар жинағының бірінші томына автордың өлеңдері, аңыздар ізімен жазылған шығармалары, толғаулар және аудармалары енгізіліп отыр. Шығармаларға асқақ отаншылдық рух, тамыры терең тарих тағылымдары, адамгершілік асыл қасиеттер негізгі арқау етіп алынған. Сондай-ақ поляк ақыны Г. Зелинскийдің «Қазақ» поэмасы және қарақалпақ ақыны Бердақ шығармаларының аудармалары оқырмандарды бейжай қалдырмасы анық.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

А 4702250201
00 (05) – 09

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-4



ISBN 9965-35-687-4 – (Т. 1)
ISBN 9965-35-686-6

© Ахметов Әбдікәрім, 2009
© «Фолиант» баспасы, 2009

АҢҚЫЛДАҒАН АҚЖАРМА АҚЫН ЕДІ

Мына жалған дүниеден кімдер кетпеген, небір қасқалар мен жайсаңдар да кеткен ғой. Болмаса Әбдікәрім Ахметов сияқты аңқылдаған ақжарма ақындар өмірге тойған жоқ еді, өмірдің өзі де сондай ақ, адал азаматқа құмарлығын қойған жоқ еді ғой. Жүрген жерін күнде базар ететін, барған жерінің іргесін кеңітіп сала беретін осындай ақын ағамыз да дүниеден көшкелі бір шама жылдар өтіп кетіпті. Артында сүйген жары мен ұрпақтары, қаншама, құрбы-құрдастары, іні-бауырлары қалды. Олар әлі күнге дейін Әбекеңмен жүргендегі естелік әңгімелерін тамсана айтып, елді таң қалдырып, аруағын бір аунатып жататыны анық. Өйтпей пе? Ешкімге залалын тигізбей, қайта қолынан келген көмегін аямаған азаматты еске алудың өзі бір ғанибет қой.

*Дос жүрегі – шарайна,
Сылтауыңа қарай ма,
Бүлдіріп алма қалай да,
Кір шалдырма, жарай ма?
Шимайланса шарайна,
Дақ түсірер шырайға.
Абайла, бауырым, абайла! –*

деп үнемі үйіне келген қонақтарына өзінің өлең-жырының паспортындай осы өлеңін оқып отыратын. Және сондай жаны рахаттана тебіренетін. Содан соң барып көңілі жайланып, қарқылдай күліп, жайдарылық әлеміне көшіп жүре беретін.

Өзінің жан дүниесін жайлаған асыл қасиеті өлеңді, тіпті ол кісінің кәсіби мамандығы деуге де аузымыз көбіне бара бермейтін. Өйткені Әбекең мінезі өлең-жырмен бірге туып, бірге өсіп, өзімен бірге кетуге Әбдікәрім ақынның бұл жалғандағы артына сөз қалдырарын ойлап, өзі көрмеген шаттығын, өзі көрмеген дарқандығын, өзіне жазбаған қуанышын паш еткендей бір сәт тоқталып, болашақ ұрпақтарға өнеге болып мәңгі қалып қойған сияқты. Яғни, Әбекең ақынның өзі жоқ болған-

мен артына қалдырған сөзінің тәркі дүниелік сазын сақтап қалған. Ақын өзінің қыңбай пар кешкен дүниенің суретін былай береді.

*Мен әлі жүріп келем, жүріп келем,
Шаңым көп шалғайымнан сілікпеген.
Жауым жоқ деумен көбін көріп келем,
Досым көп деумен түрін көріп келем.*

*Үмітпін өмір алдап жерітпеген,
Жігітпін көп нәрсеге көнікпеген.
Қияға шыққаным жоқ даңқ деген,
Қатерге қарамадым төніп терең.*

*Талғаусыз табылғанды теріп келем,
Таңдаусыз тапқанымды беріп келем.
Бәз қалпым – бала мінез үрікпеген,
Мен әлі жүріп келем, жүріп келем.*

Бұл өлең ақын өмірінің өшпес тағылымын береді. Нендей қиыншылық болсын онша мойымайтынын және атақ-даңққа да онша құмар еместігін, оның үстіне жауының да, дұшпанының да аз-көптігін білдірмей өтетін мықтылығын танытқандай бұл өлеңде көптеген сырдың ішбүкпесі жатқандығы анық.

Иә, ақын жаны дарқан, дарқандықтың өзі адамзат баласының, рухани биіктігін танытары ғажап. Бүкіл шығармашылығы Әбдікәрім ақынның өз табиғатындағы нәрді беріп, соның ешкімге ұқсамас жұпарын шашып тұрғандай әлі күнге.

*Самалы Сыр бойына жеткенде есіп,
Келді оған суретші – көктем ілесіп.
Жан-жағын жомарттықпен жаңғыртып жүр,
Жаңалап бояуларды кеткен өшіп.*

*Қыс бойы деп ысталды, я ластанды,
Бояды мөп-мөлдір ғып сұр аспанды.
Буына сары алтынның күнді ұстап
Бетіне бұлақтардың сынап салды.*

*Құлпырды қызыл-жасыл қайран дала,
Дала емес тәрізді бақ-сайранхана.
Алыстан ақ қалпақты ата таулар
Қарайды айналаға қайран қала.*

*Көктем құс қанаттарын қадап өтті,
Қыздардан гүлді көйлек талап етті.
Кешкілік құтыдағы қызыл сырдың
Қалдығын көкжиекке жаға кетті.*

Біз оқыған алғашқы өлең ақжүрек ақынның жайсаң жандүниесін берсе, екінші өлең ақынның анау-мынауды елемей өтетін өмірін елестетсе, мына өлең өзінің ішкі дүниесінің шүбәсіз көркемдігі мен мәрттігін паш етеді. Үш өлең арқауының бірлігі сондай, Әбдікәрім ақынның тұлғасы мен тұрпатын, ой тазалығы мен жан тазалығын сана сарабдалдығына сыйыстыра салған. Ақынның өлмес қуатының бір парасы осында жатса керек.

Рас, біз көп нәрсені, көп қасиетті мына жалғандағы алынған атақ-даңқтың төңірегінен іздеп шарқ ұратынымыз бар. Ондайы болмаса шарт сынып, шалқамыздан түсіп, көзге онша ілгіміз келмейтіні тағы бар. Ол біздің әдебиетіміз болсын, мәдениетіміз болсын өркенін жаздырмай өресін құртатын ауру. Бұл ақын өзінің өлеңінде айтқандай атақ-даңқсыз да халқының қарапайым ақыны болғанын қанағат тұтып кеткен жан.

Бұл кісі кезінде Ұлы Отан соғысына қатысып, 1946 жылы Харьков Әскери-медициналық училищесін бітіріп, шекара округінде офицерлік қызмет атқарған. Сол армия қатарынан запасқа шыққан соң «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан», Павлодар облыстық «Қызыл ту» газеттерінде, кейін Қазақстан Жазушылар одағының Шығыс Қазақстан, Семей облыстарында кеңесші-секретарь қызметтерін атқарған. Одан соң Көркем әдебиет баспасында 1958-1981 жылдары Қазақ КСР Министрлер Советінің Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі Мемлекеттік комитетінің бөлім бастығы, «Жазушы» баспасында аға редактор қызметтерін атқарып, соғыс уақытындағы медальдарын былай қойғанда балалар мен жастар әдебиетін өркендетуге сіңірген еңбегі үшін «Баспа озаты» деген құрметті атаққа ие болған. Ақын ағамыз жоғарғы қызметтің қай саласында болсын өзінің ақ жарқын мінезімен, тауып айтар не қилы өзіл-қалжыңымен сара жолын ел санасына сіңіріп кеткен сарабдал азамат екендігінде сөз жоқ.

Қазір біз осы шамадағы ақындардың жинақтарына онша мән қоймау жағына қалыптасып бара жатқан сияқтымыз. Бірақ ол бекершілік. Өйткені олардың өздері емес, заман кінәлі. Заманның құйтырқы құпия сырлары кінәлі, империяның өріден басталған зәрінің бірте-бірте бойды алып, келер ұрпақтың кеудесін жайлап, келелі ойларын әлсірететін арам ойлы пиғылы кінәлі. Бұл жөнінде де ақынның өзі ашық айтып кеткен. Бұл сөз және бүкіл өзі тұрғылас ақындардың бөріне қатысы да бар және аршып алатын қуаты да бар. Ол сөз Әбекеңнің «Көзайым» атты бір томдығының алғы сөзінде былай айтылады. «Біздер, әдебиетке үгітші-жаршы жолымен араласқан едік, ұраншылдау болдық. Уақыт тілегінен шығу мақсатымен жедел жазылатын көркемдігі кемдеу, жадағай, жалаң дүниелерге көбірек бардық...» – дейді. Осы сөздің өзі өздерінің көп шығармалар төңірегіндегі кемістікті жуыпшайып кетеді.

Содан да болар ақын өзінің бірсыпыра өлеңдерін мәңгі тақырып – «...махаббат пен адалдық, елдік пен ерлік, толғаным пен қайырым, күйініш пен сүйініш, қала берді, соғыс тауқыметі, еңбек зейнеті өзгелердей маған да ортақ. Ендеше, менің негізгі тақырыптарымды осы айтылғандардан қарастыру дұрыс», – депті ақын. Шынында да ақын шығармаларының дені өзі айтқандай төңіректің танымдық жүйесінің кеңдігін паш етеді. Ақын өз шындығын халықтық аңыздардың арқауына аунатып, арманды дүниенің ажарын өзінше өрнектеп шығады. Бұған куә «Фатимат», «Өшпеген жалын», «Өрен өмір», «Толқындағы өмір», «Тырау, тырау, тырналар», «Көкшетау аңызы», «Кавказ аңызы», «Қаратау аңызы», «Угардың қылышы», тағы басқа да шығармалары осылай кете береді. Осылардың ішкі мазмұнында автордың жоғарыда айтқан тақырыптары кеңінен орын алған.

*Кей күні жата алмасам толқып, аунап,
Кетемін кең эфирден толқын аулап,
Дабылы бес құрлықтың үйіме еніп,
Турады қиялымды құр-қураулап, –*

деп үнемі өлеңдеп тұратын ақын, ақжарқын пейілмен жүріп, өкінетін сәттері де болады екен.

*Шипагер-шәкірт, жас қауым,
Сендерді жөн бе жасқауым?!
Көремін десең көріңдер
Болмайын бекер тосқауыл.*

*Қараймын десең, қараңдар,
Ақкөңіл албырт ұландар.
Байқасаң жақсы жүрекке
Достардан тұскен жарам бар, –*

дейді.

Бұл фәнидегі, азғантай ғұмырды әлдеқандай көріп, кірпияз тірліктің қожасындай тәлтиетіндердің теріс тепкіндері кімге тимеген дейсіздер ғой. Ақын шамасы, соны айтып отырса керек.

Әркімнің бір арманы бар дегендей, бұл кісінің бар арманы осы алдындағы жыры болатын. Сөз арасында: «Менің қасымда жалғыз сенімді досым бар, інім, ол – менің жырым. Маған қазір дос та, сүйеніш те, көңіл алданышы да, көкіректегі жырымның сарқылмауы», – дейтін. Ол кісі жырға ғашық еді. Бірде маған қатты қуанып: «Өмірзая» сөзін білесің бе сен?..» – деген. Мен оған аса мән берген жоқпын. Бірақ кейін соны өлеңге айналдырып, өзінің ренішті мауқын басатын жыр жазғанына куә болдым.

*Зая кеткен өмір аз ба жалғанда,
Өмірзая әлде содан қалған ба?
Өмірзая – қыршын өлген боздақтың
Ащы өзегін жарып шыққан арман ба?*

*Жеткен шақта аққу-арман аспандап,
Жатқа кеткен жанарынан жас парлап,
Сорлы қыздың аты-жөнін жеңгесі
Өмірзая деді ме екен астарлап?*

*Кім айтса да қайран халық дана ғой,
Қырға біткен кішкене гүл салады ой.
Бір-ақ күнде гүлдей қурап өтетін
Өмірзая өрімдей бір бала ғой.*

*...Ұзақ ғұмыр берген кейбір кереңге
Табиғаттың ағаттығын көрем де.
Бір лап етіп сөнгендерді еске алып
Елеңдеймін, өмірзая дегенде.*

Осындай күрсініспен жүріп, өзін-өзі жұбататын сәттері кейінгі кезде көп болды. Бірақ көп нәрсеге кешірімді ағамыздың кейде лапылдап отырған ортасын күлкіге көміп, бір сәт бар ішқұса сырын ұмытып мынадай да жыр оқитын:

*Бақсымын ба, басқамын ба, білмеймін,
Бір көрмеге өзгелермен бірдеймін.
Кейде жоққа қуанамын жарыла,
Кейде нағыз мықтылықты күндеймін.*

*Наданмын ба, адаммын ба, ұқпаймын,
Кішіге – үлкен, үлкендерге құйттаймын.
Кейде ағынды қызыл судай лайсаң,
Кейде таңғы мөлдіреген шықтаймын.*

*Баламын ба, данамын ба күні өткен,
Ағзам – арса, от лауласа жүректен.
Жас қырандай көзім әлі қызылда,
Сөйте тұра сабырым – тас, дір еткен.*

*Өліарадай қыс пен көктем арасы,
Аумалы да төкпелімін, қарашы.
...Қиял менен қызбалықтан жаралған
Алақұйын ақынмын-ау, шамасы!*

Осы жан толқынысында пендешіліктің көптеген күйкі тірлігі жатқан сияқты және оның бейопа тағдырында, еш жанға өкпе-наздың қажеті де жоқ-ау деген тұжырымға тоқталады. Бұл ақын жанының пәлсапасы өмірдің табиғи тағдырымен астасып жатқандығын білдірсе керек.

Бірде ақынның ер жігіттің үш жұрты бар дегенді өз шығармашылығына да қолданғанын байқадық. «Менің өз жұртым – өлең, нағашы жұртым – аударма, ал қайын жұртым – журналист», – дейді. Қандай табылған ұтырлы сөз?! Сол сияқты бұл кісінің нағашы жұртына жататын еңбегі де аз емес. Оған

Л. Украинканың, С. Маршактың, Э. Межелайтистің, Г. Зелинскийдің, В. Федоровтың, Ю. Тувимнің және 1973 жылы туысқан Қарақалпақ әдебиетінің классигі Бердақ ақынның таңдамалы жыр-толғауларын аударып, жеке-жеке кітап етіп шығарғаны өз әдебиетіміздің өзекті арнасына қосылған сүбелі еңбек болды десек, ешкімнің таласы бола қоймас.

Айта берсе Әбекең жасаған еңбектің шегі жоқ. Ақынның 1982 жылы «Жазушы» баспасынан «Көзайым» атты бір томдығы шыққан екен, соған Әбекең өз қолымен «Тіршілік атты кеменің бір каютасында жарты өміріміз бір өткен талантты ақын, асыл азамат, сүйікті інім Сейфолла мен ақылды, сабырлы келінім Күләйға» деп қолтаңба қалдырыпты. Құдай бізге осындай ақын ағамыздың 70-80 жастағы тірлік тойын қимаған екен. Бірақ шығармашылығы мәңгі жасасын дей отырып ақынның:

*...Көп болыпты-ау болмағалы ауылда,
Сағынышым сыздайды омырауымда.
Сағынышым Сыр суындай толқындап
Сағынышым сарғайтады қауындай.*

*Сағынышым нар қамыстай сырнайлы,
Сыңғырлайды, суылдайды, тынбайды.
Балапандай ұясынан қараған
Аппақ мақта тағатымды ұрлайды.*


*...Көп болыпты-ау көрмегелі Сыр бойын,
Қайтқан құстай сонда ұшар күнде ойым... –*

деп ақынның өзі жырлағандай, Сыр бойының Қармақшы ауданы өз түлегін ескеріп, өзі жоқ болғанмен артында сөзі қалған аруақты ақынының жыр кітабына дән разы болсын деп сөзімізді аяқтайық. Тағдыр танабын тартқанмен ақын сөзінің мерейін Алла тағала одан да әрі жаңартып жасата берсін.


Осыған орай біз өзінің туған өлкесі көне Сыр өңірінің ақын-жазушылары жазған әр қилы шығармаларының басын қосатын «Сырдария кітапханасына» енетін екі томдығын дайындау үстінде көптеген ұтымды ойларға барып, «Көңілім менің – шарайна» атты бірінші томына поляк ақыны Густов Зеленскийдің «Қазақ» дастанын және туысқан түркімен халқының ұлы ақындарының бірі – атақты Бердақ шайырдың осы кісінің

аудармасындағы жырларын қостық. Ал «Көзайым» атты екінші томына Межалайтестің атақты «Адам» дастанымен бірге топ жырларын және орыс ақыны Василий Федоровтың махаббат жырларын қосып отырмыз. Өйткені бұл жинақтардың қазақ әдебиетіне байыту жолында кезінде өз салмағы мен маңызы болғандықтан мән қоюға тура келді. Былай алып қарағанда, бұл кісінің басқа да тамаша аудармалары жеткілікті болатын. Өзіміздің ұтымды деп тапқан тұжырымымыз осы болды. Мұны ешкім де бұрыс демес деп ойлаймыз.

Сейфолла Оспан,
ақын



**ӨЛЕНДЕР,
АҢЫЗДАР
МЕН ТОЛҒАУЛАР**



ЫСТЫҚ ҚОЙ ТУҒАН ТОПЫРАҚ

ҚЫЗЫЛОРДА

Толқып ағып, сылдыраған,
Сұлу Сырдың жарасында;
Бала күнде көп ойнағам,
Бау-бақшаңның саясында.

Менің жастық өмірімдей
Гүл-гүл жайнап өстің, қалам:
Сүйем сені бесігімдей,
Өскен сайын есіме алам.

Сүйем сені, қызығам да
Отанымның жас қаласы.
Қазынасы мол Қызылорда
Ақ күріштің астанасы.

МЕН – ДАЛАНЫҢ ПЕРЗЕНТІМІН

Мен – даланың перзентімін туралы,
Туғалым не, қазақ қазақ болғалы...
Болғаным не, одан да әрі – бағыздан, –
Басталмаған кезден дала жолдары.

Ат бауыры жазылмаған далаға,
Бір де бейіт қазылмаған далаға,
Жалғыз табан – сыңар аяқ жол салған
Алғысым көп асыл бабам – данаға.

Мен – даланың перзентімін ежелден,
Далам үшін астым нелер кезеңнен.
Дала менің шыдамымды санауға
Оқ орнына оқжыланын кезенген.

Мен – даланың перзентімін таймаған,
 Далам мені талай сынап байқаған.
 От орнына от-аптабын атқылап,
 Қалайсың деп дауылымен шайқаған.

Мен – даланың перзентімін таймаған,
 Қиындықтың қазанында қайнаған.
 Адамұлы, көрейін деп күшінді,
 Қарсы алдымнан зіл¹ мен пілін айдаған.

Мен – даланың перзентімін осындай,
 Өткелінен өттім талай тосылмай.
 Шөл боп көрді, жұт боп көрді бұл дала,
 Топан болып қаптап көрді жосындай.

Мен сонда да айрылмадым даладан,
 Сезді дала – кем болмады анадан,
 Тосты аузыма қызыл алма – мамасын,
 Обалы не, алмағаным кем одан...

Тал-терегін тірек қылдым қосыма,
 Аң-құстарын қорек қылдым асыма.
 Әділ дала ақылыма төңті боп,
 Аспан-шатыр құрып берді басыма.

Өзендердей таудан төмен тасынған
 Тыным таппай ағып жатты ғасырлар.
 Алып дала тұтып мені мақтаныш,
 Самалымен сипар болды басымнан.

Батыры да, ақыны да мен болып,
 Сырласы да, жақыны да мен болып,
 Дала мені, мен даланы қалқан ғып,
 Ғасырларға шектік бірге иен жорық.

Кең даланың перзентіміз мына біз,
 Дала десе елең қағып тұрамыз.
 Берген бізге кеңдігі мен ерлігін
 Дала даңқы – сайрап тұрған жыр-аңыз!

¹ Зіл – мамонт

Менің далам – ғазиз анам, мейірбан,
Маусымы жоқ дастарханы жиылған.
...Жұлдыздарды тағып алып төсіне
Ғарышпенен ымдасады қиырдан.

Ымдасады деймін, сол да сөз бе екен?
Сырласады десем, онда сөз бөтен,
Осы дала Гагаринді космосқа
Ала бөтен аттандырған өзгеден!

...Мен даланы өскен жанмын мекендеп,
Даламменен мұратыма жетем деп.
Далажанмын...
Көп қарауым содан ба,
Жұлдыздарда дала бар ма екен деп?!

МАРЖАНДАРИЯ

Байлап көзді айна – нұры,
Өрсе толқын тізбектеліп,
Біздер – алтын айдар ұлы,
Аймалайтын іздеп келіп.

Балғыным деп сүйіп-құшып,
Бауырына тартады өзі.
Сары балдай сүтін ішіп,
Өскен біздер – марқа қозы.

Жарма бойлап жамыраған
Сылдырласа күмістері,
Шәрбатына жаны қанған
Біз – ақ маржан күріштері.

Жалтылдаған жұлдыздары –
Әр тамшысы нәр береді.
Біз – көк ала қарбыздары,
Біз – сап-сары әңгелегі.

Күмбірлетіп кең арнаны,
Қоңыраулатса қамыстарын,
Біз – құмдардың көгалдары,
Біз – жаңа ауыл алыстағы.

Маржандария – Сырдария,
Құмда қалған алтын тамшы,
Жермен жасы тең қария,
Тартылмашы, сарқылмашы!

Әдейі аңсап барғанымда
Шықшы дәйім шалқып алдан.
Толқыныңның жалдарында
Жана берсін балқып арман!

БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫ ЕСКЕ АЛУ

Ай-сырға, саған қанша қарасам да,
Тұрамын жақынындай жарасам да.
Өзіндей сапарлы боп тусам ет-ті,
Өзіндей шалдырмасам таң асарға.

Туады-ау, ойлар келіп ай дегеннен:
Ол кезде шаруам жоқ ой-дөненмен.
Бала едім, күнде шауып келетұғын
Қырық буын-қамыс атпен бәйгеден мен.

Балалық аңғал ұйқы асыл маған,
Төбеден күн түскенше ашылмаған.
Сондай бір оянарда сары әңгелек
Салыпты қойыныма асыл анам.

Кім білсін, сол үшін ол бақша барды,
Кім білсін, қауыншыдан ақшаға алды.
Әйтеуір, өзі жемей, өзге демей,
Құлыным қуансын деп әкеп салды.

Ай-сырға, ойлы түнде серігімдей,
Өзіңе сыр шертемін нені біл дей:
Көзіме кейде елестеп кетесің сен,
Сол тәтті әңгелектің тіліміндей.

ТАБИҒАТҚА ТІЛ БІТСЕ*Гүл*

Гүлмін мен, қара жерден нәр алатын,
Гүлмін мен, күн нұрынан жаралатын.
Гүлмін мен, өмірімді жұртқа сыйлап,
Қайтадан қара жерге оралатын.

Тұма

Мен – тереңнен тастарды
Жарып шыққан тұмамын.
Жерге мөлдір аспанды
Алып шыққан тұмамын.

Саған, адам, ынтығып
Шеккен жолым қашық қой.
Қайнарыма құм тұнып
Қалмасыншы, ашып қой!

Жалғыз ағаш

Мен бір жалғыз ағашпын жерден өнген,
Қайсы орманнан үзілдім, білмейді ешкім...
Шуға үйренген бейбақпын, шөлге көнген
Шаңға тосқан басымды – бейнеткешпін.

Түсініңдер жайымды... түсінбеңдер,
Бүршігімді менің де жел ұрлаған...
Алыс жолда шалдығып, күрсінгендер,
Көлеңкелеп, соға кет, бірің маған!

АБЗАЛ АНА

Жатсынып, жоқ біздерді кім деген де,
– Қонақпыз!
– Қонақ болсаң, ілгері өрле! –
Ақ шашты абзал ана бәйек болып,
Көкала көрпе жайды төрге демде.

– Шешініп, демалыңдар, қарақтарым,
 Күн суық, осы биыл қар-ақ қалың.
 От тастап жіберейін пешке тағы,
 Боран бір басылмады-ау таң атқалы...

* * *

Сабырлы, жөнін білер қай істің де,
 Ана тек жөн сұрады шай үстінде:
 – Балалар екенсіңдер біз көрмеген,
 Жүрсіндер қайдан қысқы – қарыс күнде?

Жалындай бір шырпыдан дуылдаған,
 Сыр қозып осы сөзден туындаған,
 «Баламмен боларсың, – деп, – жас шамалас», –
 Көрсетті суреттен ұлын маған.

Болармыз қатар болсақ расында:
 Суретте ол жиырма алты шамасында.
 Менің де сол кезімді елестеткен
 Солдаттың петлицасы жағасында.

Есіме түсе кетті соғыс – жалын:
 Өрт шалған қала, село – қоныстарын,
 Есімде, шекарадан шегіндік біз,
 Қалқалап түн түнегін, орыс талын.

Болса да отты жылдар алыстаған,
 Есімде, сол сурет таныс маған.
 Жалт бердік тау қыраны секілденіп
 Жауына шүйлігерде ғарыштаған...

Есімде, майдан-ажал жанды жеген.
 Содан ба, сұрауға ойым ауды неден:
 – Балаңыз қазір қайда? – десем дағы,
 Селт етіп әлденеге қалды денем.

Кейіннен көп кіжіндім мен өзіме,
Не шара ойнақы от мінезіме...
Жабырқау жанарында қайғы тұрды
Төн ылғи мейірлі ана бір өзіне.

Сол сөзді отыр екен тосып о да,
О, ана! Қайран ана! Асыл ана!
Күйікті көкірегінен жалын атып,
Көзінен бір мөлт етті жасы тама.

Сөйтті де, басын жедел сілкіп алды,
Көз жасын жаулығына іркіп алды:
– Бар болса жүрер еді-ау өздеріндей, –
Деп бәсең шықты даусы толқымалы...

Көрсек те жанарынан жан азабын,
Созбады ұзақ сөйлеп ана зарын.
– Шүкірлік, арманым көп дей бермейін,
Бәрің де емеспісің балаларым...

Иә босаң көңілімізді қалды абайлап,
Иә ұстауға шыдамады зарды байлап,
Әйтеуір ауызғы үйге шыға берді
Деп:
– Ойбай, қазаным да қалды қайнап...

* * *

Жауларға кек арнаған, оқ арнаған
Жалғызы қан майданнан оралмаған,
Қарт ана,
Қаяулы ана, аяулы ана
Ұзатты бізді ертемен сол ауладан.

– Жел тынып, шұғыла сүйіп дала қарын,
Күн ғажап болғалы тұр, балаларым,
Жолға сәт!
Сапарларың түссе тағы,
Осы үйде ұмытпаңдар ана барын...

* * *

Серігім – екеуміз-ақ шана үстінде...
 Тағы да ой оралды алыс күнге:
 Сұм соғыс!
 Жауында да жер қаздырып,
 Түнеткен түлектерді қар үстінде...

Қарт ана!
 Жаулар қашан халіңді ұқты,
 Сені де, жылатты жас қалыңдықты.
 Жан деген жалғзыңнан айырса да,
 Екен сол соғыстан да жаның мықты!

Құрыштан құйылған ба ерен жаның,
 Болса да шыдадың шер, денең жалын.
 Ұлыңды ұялаған жүрегінде
 Оқпен де бөле алмады сенен жауың!

О, ана! Абзал ана! Асыл ана!
 Сен маған ұғындырдың осыны, ана!
 Ұқтырдың бейбіт күннің сый-қадірін,
 Ауадай қымбат маған, досыма да!

* * *

Қос бесті зыр қақтырып шаңамызды,
 Қойнына тарта түсті дала бізді.
 ...Космоста Жер серігі өтті жүзіп,
 Сақшыдай күзеткен ел-анамызды!

НАҒАШЫ

Қылжағы, бұру сөзі көп –
 Қуақы құрбым Әзілбек.
 Кездескен сайын: «Көзі көк
 Ұлыңның, – дейді әзілдеп. –

Көршінің көзі көк пе еді,
Аумаған кімнен бөбегің?
Сезікті құрбың көп пе еді,
Берсейші сотқа біреуін!

Өзіңнің көзің қап-қара,
Кейпің де нағыз қазақы.
Айдарың кімге тартқан, ө?» –
Дейтіні қырсық, қасақы.

...Баламның көзі көк болса,
Несі бар, ойлап қарашы!
Демей ме ол ертең мақтанса:
«Ұлы орыс – маған нағашы!»

* * *

Сырдария тынышсыз-ау, тынышсыз,
Ғұмыр бойы бір жатпайды жұмыссыз.
Барады әне, айдаһардай атылып,
Толқындары – жарқылдаған қылыш жүз.

Перзенттері тынышсыз-ау, тынышсыз,
Жоқ оларға самарқау жаз, тыныш қыс.
Терлерінен теңіз емес, тау тұрып,
Еңбегінен бойшаңдайды күріш – қыз.

Диқан дала тынышсыз-ау, тынышсыз,
(Алып тегі жата алмайды ұлы іссіз!)
Жылда осылай дарқан дария жағасы,
Жылда жомарт, жылда ғажап ырыс – күз!

ТУҒАН ЖЕРМЕН ТІЛДЕСУ

– Қыста келдің, балам, мені аңсаған,
Не демекпін мен саған?
Су бойында, жар астында самсаған
Сары қамыс боп ән салам.